

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

(Жоғары кәсіптік білім)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ (ЕРЕКШЕ БӨЛІМ)

5В030100 «Құқықтану»
бакалавриат мамандығы бойынша

3 несие

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
Астана
2017

АЛҒЫ СӨЗ

1. «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясымен, «КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның Заңгерлерді бағалау және сертификатау бойынша бюросының қолдауымен **ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
2. Республикалық жоғары және ЖОО кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2016 жылғы 30 шілдедегі хаттамалық шешімімен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
3. **АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН.**
4. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығымен бекітілген 5В030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша «Жоғары білім берудің типтік оқу жоспарымен» әзірленді.

«Құқық» мамандықтары тобының оқу-әдістемелік бірлестігінің рұқсатынсыз бұл бағдарламаны көбейтуге және таратуға болмайды.

МАЗМҰНЫ

I. Түсіндірме жазбасы	4
II. Дәрістер тақырыбы	7
III. Тәжірибелік (семинар) сабақтарының тақырыптары	37
IV. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	58
V. Үлгілік оқу бағдарламасының авторлары	66

I. Түсіндірме жазбасы

Азаматтық құқық жалпы және ерекше бөлімдерге бөлініп оқытылады. Бұл үлгілік оқу бағдарламасы «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім)» пәніне арналған. Азаматтық құқық жеке құқық саласында орталық орынға ие және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1 бабында сипатталғандай, реттеу пәніне тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар жатады.

Азаматтық құқықтық қатынастардың негізгі бөлігін нарықтық экономиканың іргетасы болып табылатын және қоғам өмірінің барлық саласында кезігетін тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар құрайды. Осы себепті, жоғарыда аталған қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың рөлі мен маңызы арта түсуде.

Азаматтық құқықтың ерекше бөлімі шарттан және шарттан тыс туындайтын міндеттемелердің жекелеген түрлерін құқықтық реттеуге арналған. Азаматтық кодекстің ерекше бөліміндегі азаматтық-құқықтық міндеттемелерді шартты түрде келесідей төрт топқа жіктеуге болады:

1. мүлікті меншікке беру жөніндегі міндеттемелер (мысалы, сатып алу сату, айырбас, сыйға тарту);
2. мүлікті пайдалануға беру жөніндегі міндеттемелер (мысалы, мүлік жалдау, лизинг, прокат);
3. жұмысты атқару жөніндегі міндеттемелер (мердігерлік шарты);
4. қызмет көрсетуге байланысты міндеттемелер (мысалы, тасымалдау шарты, көлік экспедициясы, сақтандыру, сақтау).

Жоғарыда көрсетілген міндеттемелерден тыс АК ерекше бөліміне келесілер енеді: зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттеме, интеллектуалдық меншік құқығы институты, мұрагерлік құқық, халықаралық жеке құқық (өз алдына жеке пән болып табылады).

Пәннің мақсаты: студенттердің азаматтық құқықтың ерекше бөліміне енетін институттардың негізгі ережелерін меңгеруі және азаматтық кодекстің ерекше бөлімін жалпы бөлімнің ережелерімен, сондай-ақ азаматтық айналымда туындайтын қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің нормаларымен үйлестіре білуі пәннің мақсаты ретінде алынды.

Пәннің міндеттері: студенттерді азаматтық құқықтың ерекше бөлімінің негізгі институттарымен, шарттардың жекелеген түрлерімен (сатып алу сату, айырбас, сыйға тарту, тауар жеткізілім және т.б.), деликтілік міндеттемелер, интеллектуалдық меншік құқығы, мұрагерлік құқық туралы негізгі ережелермен таныстыру пәннің міндеттері ретінде алынды. Сондай-ақ азаматтық құқық бойынша тәжірибелік есептер шешу мен азаматтық заңнаманың нормаларын құқықтық талдай білу дағдыларын қалыптастыру да көзделуде.

Алдын ала оқылатын пәндер: Мемлекет және құқық теориясы, Рим құқығы, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы бөлім).

Кейін оқылатын пәндер: Кәсіпкерлік құқық, Халықаралық жеке құқық.

Студенттер «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім)» пәнін оқығаннан кейін **білуі тиіс**

шарттық және өзге де міндеттемелердің жекелеген түрлері жөніндегі негізгі ережелерді; мүлікті меншікке және пайдалануға беру жөніндегі міндеттемелерді; жұмысты орындау жөніндегі міндеттемелерді; қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді, шарттан тыс (деликтілік) міндеттемелерді және өзге де азаматтық-құқықтық міндеттемелерді; мұрагерлік құқық, интеллектуалдық меншік құқығы жөніндегі негізгі ережелерді.

келесі дағдыларды меңгеруі қажет -

қолданыстағы азаматтық заңнаманың нормаларын қолдана және түсіндіре алуы қажет, азаматтық кодекстің ерекше бөлімінің нормаларын жалпы бөлімнің нормаларымен сондай-ақ азаматтық айналымда туындайтын қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің нормаларымен үйлестіре алуы тиіс.

Пәнді оқу процесі **келесідей дағдыларды** қалыптастыруға бағытталған: жалпы мәдени дағдылар (МК):

- өзінің болашақ кәсібінің әлеуметтік маңыздылығын сезінуі, қажетті кәсіби құқықтық санасы жеткілікті деңгейде болуы тиіс;
- өзінің кәсіби міндеттерін адал атқаруы, заңгердің этика принциптерін сақтауы қажет;
- ойлау мәдениетін игеруі тиіс, ақпаратты жинақтауға, талдауға, қабылдауға сондай-ақ мақсат қоя білуге және оған қол жеткізуге қауқарлы болуы тиіс;
- ойын ауызша және жазбаша логикалық дұрыс, дәйекті және ұғынықты жеткізе білуге қабілетті болуы тиіс;
- өзін ұстау мәдениетін игерген болуы тиіс, әріптестерімен бірлесіп қызмет етуге, ұжымда жұмыс істеуге әзір болуы қажет;
- жемқорлыққа жол ашатын мінез-құлыққа төзімсіз болуы тиіс, құқық пен заңға құрметпен қарауы қажет;
- өзін-өзі дамытуға, өзінің біліктілігі мен шеберлігін дамытуға талпынуы тиіс;
- әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу барысында әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелерін және тәсілдерін қолдана білуге қауқарлы болуы қажет;
- әлеуметтік маңызы бар елеулі мәселелер мен процесстерді талдауға қуатты болуы тиіс;
- заманауи ақпараттық қоғамды дамытудағы ақпараттың мәні мен маңызын түсінуге қабілетті болуы тиіс, бұл процесс барысында туындайтын қауіптерді ұғуы қажет, ақпараттық қауіпсіздіктің соның ішінде мемлекеттік құпияны қорғаудың негізгі талаптарын сақтауы керек;
- ақпаратты алудың, өңдеудің, сақтаудың негізгі тәсілдері мен құралдарын игеруі керек.

Кәсіби дағдылары (КД):

Заң шығару қызметінде:

- өзінің кәсіби қызметі бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға қабілетті болуы тиіс;

құқық қолдану қызметі саласында:

- дамыған құқықтық сананың, құқықтық ойлау қабілетінің және құқықтық мәдениетінің негізінде кәсіби қызметін жүзеге асыруға қабілетті болуы қажет;
- құқық субъектілерінің заңнама талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге қабілетті болуы қажет;
- шешім қабылдау мен заңи әрекеттерді жасау кезінде заң талаптарын дәлме-дәл сақтауға қабілетті болуы қажет;
- өзінің кәсіби қызметі барысында материалдық және процессуальдық құқықтың нормаларын жүзеге асыруға, нормативтік құқықтық актілерді қолдана білуге қабілетті болуы тиіс;
- фактілер мен мән-жайларды заңи дұрыс саралауға қабілетті болуы керек;
- заңи құжаттарды әзірлеу дағдыларын меңгеруі қажет;

сараптамалық-кеңес беру қызметі барысында:

- нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, соның ішінде жемқорлыққа

жағдай жасайтын ережелердің бар екендігін айқындау мақсатында заңи сараптамалар жүргізу барысына қатысуға қабілетті болуы тиіс;

- әралуан құқықтық актілерді талдай білуге қабілетті болуы қажет;
- заңи қызметтердің жекелеген түрлері бойынша білікті құқықтық қорытындылар және кеңестер беруге қабілетті болуы тиіс.

II. Дәріс сабақтарының тақырыптары

№ 1 тақырып. Мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) беру жөніндегі шарттар. I бөлім. Сатып алу сату шарты және оның жекелеген түрлері: бөлшектеп сатып алу сату, тауар жеткізілім, келісім-шарт жасасу, энергиямен жабдықтау, кәсіпорынды сату, жекешендіру.

1. Тақырыптың мазмұны.

Меншік құқығы, шаруашылық жүргізу және оралымды басқарудың заттық құқықтар ретіндегі ұғымы. Шарт меншік құқығының, шаруашылық жүргізудің және оралымды басқарудың туындау негізі ретінде. Сатып алу сату шартының тараптары. Сатып алу сату шартының пәні елеулі ереже ретінде. Тауар жөніндегі ереже (аталуы және саны). Сатушының тауар беру жөніндегі міндетін орындау мерзімі мен сәті. Тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупінің ауысуы. Үшінші тұлғалардың құқықтарынан тыс тауар. Эвикция. Тауар ассортименті. Тауар сапасы. Тауардың жарамдылық мерзімі. Тауар сапасына кепілдік. Тауар жөніндегі өзге де ережелер (тауардың жиынтықтылығы, тауарды салатын ыдыс және оны буып-түю). Тауар бағасы, тауарға ақы төлеу мерзімі және тәртібі. Тауарды кредитке сату. Сатып алу сату шартының ережелерін бұзу салдары. Бөлшектеп сатып алу сату шартының ұғымы, нысаны және ерекшеліктері. Сатушы – кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде. Жария шарт. Тауарларды үлгілер бойынша сату. Бөлшектеп сатып алу сату шартын жасасудың ерекшеліктері. Автоматтарды пайдалана отырып тауарды сату. Тауарды сатып алушыға жеткізіп беру туралы шартпен сату. Сапасы лайықты тауарды алмастыру. ҚР азаматтық кодексінің, «Тұтынушыларын құқығын қорғау туралы» ҚР заңының, ҚР кәсіпкерлік кодексінің, «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР заңының, «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» ҚР заңының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің ережелерін талдау. Тауар жеткізілім шартының ұғымы. Тауар жеткізілім шартының елеулі ережелері. Тауар жеткізілім шартының нысаны. Тауар жеткізілім шартының пәні, бағасы және өзге де ережелері. Ұзақ мерзімді тауар жеткізілім шарты. Жекелеген бөліктермен тауар жеткізу. Тауарды жеткізудің кезеңдері, тәртібі және графигі. Тауарды жөнелту. Тауарды жеткізу. Жетіспеген тауар. Жетіспеген тауар бойынша тауарлардың түр-түрі. Тауар жеткізілім шарты бойынша іскерлік айналым ережелері. Тауарларды таңдау. Ыдыс және буып-түю. Жетіспеген тауар және тауар жеткізілімдегі кешіктіру үшін айып төлеу. Тауар жеткізілім шарты бойынша тапсырыс беруші мен тауар жеткізушінің жауаптылығы. Тауар жеткізілім шартын орындаудан біржақты тәртіпте бас тарту. Келісім шарт жасасу шартының ұғымы. Келісім-шарт жасасу шартының тараптары – ауылшаруашылық өнімдерін өндіруші (сатушы), мұндай тауарларды қайта өңдеу немесе сату үшін сатып алатын тұлға (сатып алушы). Энергиямен жабдықтау шартының ұғымы және белгілері. Қосылған желі ұғымы. Тұрмыстық мақсатта тұтынушымен энергиямен жабдықтау шартын жасасу сәті. Энергияның азаматтық құқықтың объектісі ретіндегі ұғымы және ерекшеліктері. Энергиямен жабдықтау шартының тараптары – энергиямен жабдықтаушы ұйым, абонент. Желілерді, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану. «Электрэнергетика туралы» ҚР заңын, «Газ және газбен жабдықтау туралы» ҚР заңын талдау. Кәсіпорынды сату шартының ұғымы. Кәсіпорын азаматтық құқықтың объектісі ретінде. Кәсіпорынды сату шартының нысаны. Кәсіпорынға құқықтың ауысуы.

2. Дәріс және семинар сабақтарының бұл тақырыпты меңгергеннен кейінгі студенттердің игеретін дағдыларымен байланысы.

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент келесідей дағдыларды игеруі тиіс:

- мүлікті меншікке беру жөніндегі шарттар туралы негізгі ережелерді талдай білуі тиіс және оларды арнайы заңдардағы өзге де азаматтық-құқықтық нормалармен үйлестіре білуі қажет;

- тәжірибелік сабақтар барысында бұл тақырыптағы базалық есептерді шеше білуі тиіс;

- арнайы тереңдетілген теориялық білімдерін, тәжірибелік дағдыларын қолдана алуы тиіс және ғылыми және ғылыми-тәжірибелік зерттеулерді, оқу процессін, талдау қызметін ұйымдастыра білуі қажет;

Бұл тақырыпты меңгеру нәтижесінде студент:

Білуі тиіс:

- міндеттемелердің жекелеген түрлерінің мүлікті меншікке, пайдалануға беру жөніндегі, мердігерлік сипаттағы және қызмет көрсету жөніндегі (шарттар) міндеттемелер болып жіктелетіндігін;

- сатып алу сату шарты шарты және оның түрлері (бөлшектеп сатып алу сату, тауар жеткізілім, энергиямен жабдықтау, келісім-шарт жасасу шарты, кәсіпорынды сату, жекешелендіру) туралы негізгі ережелерді;

- Мүлікті меншікке беру жөніндегі құқықтық қатынастарға жалпы және арнайы нормаларды қолдану ережелерін;

- сатып алу сату шартының және оның жекелеген түрлерінің елеулі ережелерін;

- сатып алу сату шартының жекелеген түрлерінің ерекшеліктерін;

- мүліктің кездейсоқ жойылу (бүліну) қаупінің ауысуы.

Игереді:

- сатып алу сату шарты мен оның жекелеген түрлерін реттейтін азаматтық-құқықтық нормаларды талдауды;

- тәжірибелік есептерді шешу барысында нормативтік құқықтық актілерді қолдана алуы.

3. Сот және әкімшілік тәжірибесі.

Решение Бостандыкского суда города Алматы от 23.01.2015 года по делу №2-1048/15 по иску Суховой Л.Ф. к Байдаулетову Ж.А. Решение Павлодарского городского суда от 14 апреля 2015 года № 2-2453 по иску Ткаченко И.В. к Абдрахманову Д.Т. Решение Специализированного межрайонного экономического суда Мангистауской области от 24 декабря 2015 года № 2-3194/5-2015 по иску АО «Озенмунайгаз» к ТОО «EurasiaSlot».

4. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. ҚР 1995 жылдың 30 тамызындағы Конституциясы // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылдаған // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999 жылдың 01 шілдесі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

4. «Электрэнергетика туралы» ҚР 2004 жылдың 09 шілдесіндегі №588-II заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

5. «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» ҚР 2010 жылдың 04 мамырындағы №247-IV заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

6. «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР 2011 жылдың 01 наурызындағы №413-IV заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

7. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы соттардың қарау

практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1996 жылғы 25 шілде N 7 Нормативтік қаулысы (2011 жылдың 30 желтоқсанындағы өзгерістермен қоса) // <http://sud.gov.kz/>.

8. «Жылу және электр қуаты үшін берешекті өндіруге байланысты заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 9 нормативтік қаулысы // <http://sud.gov.kz/>.

9. Мороз С.П. Защита прав потребителей: Курс лекций. – Алматы: НИЦ КОУ, 2013.(стр. 3-43).

10. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2002. (стр. 17-100).

11. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 14-137).

12. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 69-85).

13. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика / Под ред. К.А. Маами, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2014. – Вып. 43. (стр. 14-23).

2 тақырып. Мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) беру жөніндегі шарттар. II бөлім. Айырбас шарты, сыйға тарту шарты, рента шарты.

1. Тақырып мазмұны

Айырбас шартының ұғымы. Рим құқығындағы айырбас шарты. Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Айырбас шарты мүлікке меншік (шаруашылық жүргізу, оралымды басқару) құқығын беруге байланысты шарттардың бір түрі ретінде. Заттар, құқықтар, жұмыстар және қызмет көрсетулер айырбас шартының пәні ретінде. Айырбасталатын тауарлардың бағасы және құндылығының тендігі. Айырбас шарты тараптарының өзара міндеттері. Айырбасталатын тауарларға меншік құқығының ауысуы. Айырбас шарты бойынша берілген тауардың мәжбүрлі алынып қойылғаны үшін жауаптылық. Мемлекет айырбас шартының тарабы ретінде. Айырбас шартының құқықтық сипаттамасы. Айырбас шартының мерзімі. Айырбас шартының елеулі ережелері. Айырбас шартының нысаны. Айырбас шартының мазмұны. Айырбас шартынан туындайтын құқықтарды виндикациялық талаптар қою арқылы қорғау. Сыйға тарту шарты. Рим құқығындағы сыйға тарту шарты. Сыйға тарту шартының тараптарын айқындау. Сыйға тарту шартының пәні. Заттар сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тартушыға не үшінші тұлғаға қатысты мүліктік құқықтар (талаптар) сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сый алушыны сыйға тартушының не үшінші тұлғаның алдындағы мүліктік міндеттерінен босату сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шарты екіжақты мәміле ретінде. Заттық құқықтар сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шартының нысаны. Сыйға тартуға уәде беру. Сыйға тарту шартының жарамсыздығының негіздері. Сый алушының сыйды қабылдаудан бас тартуы. Сыйға тартуға тыйым салу. Сыйға тартуға шектеу қою. Ортақ меншік сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шартының пәні ретінде беруге болатын сыйлықтардың құны. Тұлғаның атынан сыйға тартуға жол берілмейтін жағдайлар. Сый алушы бола алмайтын тұлғалар. Шаруашылық жүргізудегі не оралымды басқарудағы мүлік сыйға тарту шартының пәні ретінде. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тарту. Сыйға тартудың күшін жою. Сыйға тарту шартын орындаудан бас тартуға және сыйға тартудың күшін жоюға жол берілмейтін жағдайлар. Сыйға тартылған заттардың кемішілігі себепті

зиян келтіру салдары. Сыйға тартуға уәде беру кезіндегі құқықмирасқорлық. Қайырымдылық. Жылжымайтын мүлікті сыйға тарту шарты. Сыйға тартушы мен сый алушының құқықтары және міндеттері. «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР 2015 жылдың 18 қарашасындағы №410-V заңын талдау. Рента шарты. Рента шартының туындау және даму тарихы. Рента шартының ерекшеліктері. Рента шартының тараптары: рента төлеуші және рента алушы. Рента шартының нысаны. Рента шартының түрлері. Тұрақты рента. Ғұмырлық рента. Мүлікті рента төлемін алып отыру мақсатында иеліктен шығару. Жылжымайтын мүліктегі рента ауыртпалығы. Рента төлемін қамтамасыз ету, мүлікке қатысты кепіл құқығы. Рента төлеушінің міндеттемені орындамауы не тиісінше орындамауы қаупін рента алушының пайдасына сақтандыру. Рента шарты бойынша төлемдер. Рента төлемін кешіктіргендігі үшін жауаптылық. Рента шартын бұзу. Рента төлеушіге мүлікті беру барысында рента алушының мүдделерінің құқықтық кепілдіктері. Тұрақты рента және оның ерекшеліктері. Тұрақты рента алушылары. Тұрақты рента нысаны және мөлшері. Тұрақты рента төлемдерінің мерзімі. Төлеушінің тұрақты рентаны сатып алу құқығы. Рента алушының талабы бойынша тұрақты рентаны сатып алу. Тұрақты рентаны сатып алу. Тұрақты рента төлемі үшін берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі. Ғұмырлық рента. Ғұмырлық рентаны алушылар. Ғұмырлық рентаның мөлшері. Ғұмырлық рентаның төлем мерзімдері. Рента алушының талабы бойынша ғұмырлық рента шартын бұзу. Рента шарты бойынша берілген мүліктің кездейсоқ жойылу қаупі. Ғұмырлық рента шарты тараптарының құқықтары, міндеттері және жауаптылығы. Өмір бойы асырауда ұстау. Өмір бойы асырауда ұстау шартының тараптары. Өмір бойы асырауда ұстауды ұсыну жөніндегі міндеттер. Өмір бойы асырауда ұстауды мерзімді төлемдерге алмастыру. Өмір бойы асырауда ұстауды қамтамасыз ету үшін берілген мүлікті пайдалану және иеліктен шығару. Өмір бойы асырауда ұстауды тоқтату.

2. Бұл тақырыпты меңгергеннен кейінгі студенттердің игеретін дағдыларының дәріс және семинар сабақтарымен байланысы.

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент келесідей дағдыларды игеруі тиіс:
– кәсіби міндеттерін тиімді орындауға, кәсіби және тұлғалық тұрғыдан дамуға қажетті ақпаратты іздестіру және пайдалана білуді жүзеге асыру;

- Фактілер мен мән-жайларды құқықтық дұрыс саралай білуге қабілетті болуы тиіс;

- айырбас, сыйға тарту, рента шарттарының нормалары мен Азаматтық кодекстің жалпы бөлімінің нормаларын үйлестіре және талдай алуы қажет.

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент:

Білуі тиіс:

- Айырбас шарты туралы жалпы ережелерді. Тараптары, мазмұны, құқықтары және міндеттері. Айырбас шарты институтының қалыптасу тарихы және оның ерекшеліктері.

- Сыйға тарту шарты туралы жалпы ережелер. Сыйға тарту шартының құқықтық табиғаты. Сыйға тартуға тыйым салу және шек қою жағдайлары. Сый алушының сыйдан бас тарту құқығы. Сыйға тартуға жол берілетін сыйлыұтардың құны. Сыйға тартуға уәде ету.

- Рента шарты және оның жекелеген түрлері туралы негізгі ережелер. Рента шартының тараптары. Ғұмырлық рента, тұрақты рента және т.б.

Игереді:

- айырбас, сыйға тарту, рента шарттарын реттейтін азаматтық-құқықтық және өзге де нормаларды талдауды;

- азаматтық құқықтық қатынас саласындағы құқықтық мәселелерді талдауды және шешуді;

- мүлікті меншікке беру жөніндегі шарттар бойынша сот тәжірибесін талдауды.

3. Сот және әкімшілік тәжірибе

Решение Алатауского районного суда города Алматы от 02 ноября 2015 года по делу № 2-3010/2015 по иску Мишина Ю.П. к Мишиной В.Н. о признании сделки договора мены земельного участка № 323 в СО (садовом обществе) «Монтажник» и нежилого помещения действительной и по иску Мишиной В.Н. к Мишину Ю.П., Мишиной С.С. и Мишиной А.Ю. о выселении. Решение районного суда №2 Казыбекбийского района города Караганды по делу № 2-6946/2015 по иску Ашимбековой Ж.Д., Ашимбековой Ж.Д., Ашимбековой М.Д., Ашимбековой Р., Ашимбекова С.Д. к Ашимбековой Б.Д., Блялову А.К. о признании договора дарения недействительным.

4. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылдаған // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999 жылдың 01 шілдесі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

4. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461 Заңы. // <http://adilet.zan.kz/>.

5. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр. 100-131).

6. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 138-179).

3 тақырып. Мүлікті пайдалануға беру жөніндегі шарттар. Мүлік жалдау шартының жалпы ережелері. Көлік құралдарын жалға алу, прокат.

Мүлікті пайдалануға беру жөніндегі шарттардың жалпы белгілері. Мүлік жалдау шарты және оның белгілері. Мүлік жалдау шартының тараптары. Мүлік жалдау шартының объектілері. Кәсіпорын мүлік жалдау шартының объектісі ретінде. Жер пайдалану, жер қойнауын пайдалану құқықтары және өзге де заттық құқықтар мүлік жалдау шартының объектілері ретінде. Айналым қабілеттілігіне қарай мүлік жалдау шартының объектілерінің шеңберін шектеу. Қосалқы жалға беру. Қосалқы жалға берушінің жауаптылығы. Тұрғын-үйді, жер участогін, жер қойнауын және өзге де дербес табиғат объектілерін мүліктік жалдау шарты бойынша берудің ерекшеліктері. Мемлекет мүлкін мүліктік жалдау бойынша берудің ерекшеліктері. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының, соның ішінде концессия шартының негізінде мемлекеттік мүлікті жалға берудің ерекшеліктері. Мүлік жалдау шартының талаптары. Мүлік жалдау шартының нысаны. Мүлік жалдау шартының мерзімі. Жалға берілетін мүлікке қатысты үшінші тұлғалардың құқықтары. Мүлік жалдау шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері. Жалға алушының жалға алынған мүлікке билік ету шегі. Жалға берушінің жалға берілген мүлікті ұстап-тұту жөніндегі міндеттері. Жалға берілген мүлікке күрделі жөндеу жүргізу. Жалға алушының жалданған мүлікті ұстап-тұту жөніндегі міндеттері. Жалға алушының жалданған мүліктен алынатын өнімге, жемістерге және өзге де кірістерге меншік құқығы. Жалданған мүлікке жасалған ажыратылатын және ажыратылмайтын жақсартулар. Тараптардың біреуінің талап етуі бойынша мүліктік жалдау шартын өзгерту және

бұзу. Жалға алушының шартты жаңа мерзімге жасасуға артықшылықты құқығы. Мүліктік жалдау шартын қайта жаңарту. Мүліктік жалдау шартының тараптар өзгерген кезде күшін сақтап қалуы. Қосымша жалдау шартының негізгі мүліктік жалдау шартына тәуелділігі. Келесідей нормативтік құқықтық актілерді талдау: ҚР Азаматтық Кодексі, ҚР Жер Кодексі, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңы, «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР Заңы. Көлік құралдарын жалдау. Көлік құралын экипажымен жалдау шарты. Көлік құралының ұғымы. Көлік құралын экипажымен жалдау шартының нысаны. Көлік құралының мазмұны. Жалға берушінің көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану жөніндегі міндеттері. Көлік құралын сақтандыру. Көлік құралына келтірілген зиян үшін жауапкершілік. Көлік құралы келтірген зиян үшін жауапкершілік. Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты. Көлік құралын экипажсыз жалдау шартының нысаны. Көлік құралын экипажымен және экипажсыз жалдау шарты тараптарының жауаптылығы. Прокат шарты. Прокат шартының нысаны. Прокат шарты жария шарт ретінде. Прокат шартының ерекшеліктері. Прокат шартының мерзімі. Прокат шартындағы жалға берушінің және жалға алушының құқықтары. Жалға алушының прокат шартынан бас тарту құқығы. Мүлікті жалға алушыға беру. Жалға берілген мүліктің кемшіліктерін жою. Прокат шарты бойынша мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін ақы. Прокат шарты бойынша берілген мүлікке күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу. Прокат шарты бойынша жалға алушыға берілген мүлікті қосалқы жалға беру.

2. Дәріс және семинар сабақтарының бұл тақырыпты меңгергеннен кейінгі студенттердің игеретін дағдыларымен байланысы.

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент келесідей дағдыларды игеруі тиіс:

- құқықтық базаның үнемі өзгеріс жағдайында жол таба білуді;
- үлкен көлемдегі ақпаратты, құқықтық әдебиеттерді талдай білу қабілеті;
- арнайы тереңдетілген теориялық білімдерін, тәжірибелік дағдыларын қолдана алуы тиіс және ғылыми және ғылыми-тәжірибелік зерттеулерді, оқу процессін, талдау қызметін ұйымдастыра білуі қажет.

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент:

Знать:

- мүлік жалдау шарты туралы негізгі ережелерді және оның белгілерін, елеулі ережелерін, шарттың нысанын, сондай-ақ тараптардың негізгі құқықтарын, міндеттерін және жауаптылығын.

- көлік құралдарын жалға алудың ерекшеліктері, жалға берілген көлік құралына қатысты жалға беруші мен жалға алушының құқықтары және міндеттері.

- прокат шартының ұғымы; шарттың тараптары; прокат шартының жария шарт ретіндегі ерекшеліктері.

Игереді:

– азаматтық-құқықтық тақырып бойынша өзінің пікірін бірізді және сауатты білдіре алуды және негіздеуді.

- мүлік жалдау, көлік құралдарын жалдау, прокат шарттарын реттейтін азаматтық-құқықтық және өзге де нормаларды талдауды.

- бұл тақырып бойынша сот тәжірибесін талдауды.

3. Сот және әкімшілік тәжірибе

Решение Специализированного межрайонного экономического суда г. Астаны от 16 октября 2015 года по делу № 2-9858-15 по иску ТОО «Казына НС» к ТОО «Astana Rent Company». Решение Специализированного межрайонного экономического суда Павлодарской области от 11 июня 2015 года по делу №2-

1994/2015 по иску Государственного учреждения «Отдел земельных отношений акимата города Экибастуза» к Акционерному обществу «Евроазиатская энергетическая корпорация». Решение Специализированного межрайонного экономического суда Кызылординской области от 23 января 2015 года по делу № 2-153-15 по иску истца ПТ «Анатолий и компания» к ответчику ИП «Оспанова А.»

4. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылдаған // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999 жылдың 01 шілдесі №409 // <http://adilet.zan.kz/> .

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 29 қазанындағы № 375-V Кәсіпкерлік кодексі // <http://adilet.zan.kz/>.

4. «Соттардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын азаматтық істер бойынша қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 8 Нормативтік қаулысы// <http://sud.gov.kz/> .

5. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 179-211).

6. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2002. (стр.131-146).

7. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика / Под ред. К.А. Мами, Д.С. Амирова, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2016. – Вып. 48. (стр. 4-19; 20-32).

8. Нестерова Е.В. Договор аренды государственного имущества. // Объекты гражданских прав: сб. материалов международной конференции (в рамках ежегодных цивилистических чтений). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: КазГЮУ, 2004. – С. 348-353.

4 тақырып. Лизинг, тұрғын-үйді жалдау шарты, ссуда (мүлікті тегін пайдалану) шарты. Кәсіпорынды жалдау. Үйлерді және ғимараттарды жалдау.

Лизинг шарты. Лизинг шартының қалыптасу тарихы. Лизинг ұғымы. Лизинг шартының тараптары. Лизинг нысанасы. Үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар, құрал-саймандар, көлік құралдары, жер учаскелері және кез келген тұтынылмайтын заттар лизинг нысанасы ретінде. Шарттың пәні бола алмайтын мүліктер. Лизинг шартының елеулі ережелері. Лизинг нысанасына меншік құқығы. Лизинг түрлері. Ішкі және халықаралық лизинг. Қайтарымды лизинг. Қайта лизинг. Банктік лизинг. Қаржы лизингі, жедел лизинг. Толық лизинг. Қосалқы лизинг. Таза лизинг. Ислам лизингі. Лизинг шартының нысаны. Лизинг шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері. Мүлікті лизингке беру туралы сатушыны хабардар ету. Мүліктің кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупі. Лизинг шарты бойынша төленетін төлемдер. Лизинг алушыға лизинг шартының нысанасын беру. Сатушының жауапкершілігі. Қаржылық лизинг. Лизинг беруші. Лизинг алушы. Лизингтік мәміле. Лизингтік қызмет. Тұтынылмайтын заттар. Сатушы, лизингтік мәміленің қатысушылары. Лизинг мерзімі. Банктердің лизинг беруші ретіндегі лизингтік қызметін лицензиялау. Тұрғын үйді жалдау шарты. Тұрғын үйді жалдау шартының тараптары. Жеке тұлғалардың тұрғын үйді жалдау шартының тараптары ретінде міндетті қатысуы. Тұрғын үйді жалдау шартының пәні. Тұрғын үйге меншік құқығының және оны пайдалану құқығының туындау және тоқтату негіздері. Жеке (бөлек) меншік. Жалға беруші. Жалға алынатын үй. Жалға алушы. Жеке тұрғын үй қоры. Коммуналдық

тұрғын үй қоры. Кондоминиум. Қосалқы жалға алушы. Ведомствалық тұрғын үй қоры. Мемлекеттік тұрғын үй қоры. Тұрғын үй ұғымы. Ғимарат ұғымы. Кәсіпорынды жалдау шарты. Кәсіпорын азаматтық құқықтардың объектісі ретінде. Кәсіпорынды жалдау шарты бойынша берілуіне жол берілмейтін мүліктер. Кәсіпорынның жұмысшыларына қатысты құқықтар мен міндеттер. Жалға алушыға борыштарын аударғаны туралы жалға беруші өз кредит берушілерін жалдау шарты жасалғанға дейін жазбаша түрде хабардар ету міндеті. Жалға алушыға тиісті борыштың ауысуына келісім. Кәсіпорынды жалдау кезіндегі кредит берушілердің құқықтарының қорғалуы. Несие берушілердің келісімін алмастан жалға алушыға борышты аудару кезіндегі жалға берушінің жауаптылығы. Кәсіпорынды жалдау шартының нысаны. Кәсіпорынды жалдау шартын жарамсыз деп тану негіздері. Жалға алынған мүлікті беру. Өткізу актісі. Жалға алушының кәсіпорынды ұстау және оны пайдалану бойынша шығындарды төлеу жөніндегі міндеттері. Жалға алынған кәсіпорынның мүлкін пайдалану. Жалға алушының жалға алынған кәсіпорынға өзгерістер мен жақсартулар енгізуі. Жалға алынған кәсіпорынға жасалған ажыратылмайтын жақсартулар. Жалға алынған мүлікке жасалған ажыратылмайтын жақсартулардың құнын жалға алушыға өтеп беру. Жалға алынған кәсіпорынды қайтару. Үйлерді не ғимараттарды жалдау шарты. Үйлерді не ғимараттарды жалдау шартының нысаны. Жалға алу ақысының мөлшері. Үйді немесе ғимаратты беру. Ғимарат ұғымы. Құрылыс ұғымы. Мүлікті тегін пайдалану шарты. Мүлікті тегін пайдалану шартының тараптары. Мүлікті тегін пайдалануға беру. Тегін пайдалануға берілген мүліктің кемшіліктері үшін жауапкершілік. Тегін пайдалануға берілген мүлікке үшінші тұлғалардың құқықтары. Келесідей нормативтік құқықтық актілерді талдау: «Қаржы лизингі туралы» ҚР Заңы, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңы, «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР Заңы, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, ҚР Еңбек кодексі, «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңы, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңы.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты меңгергеннен кейінгі студенттердің игеруі тиіс дағдылармен байланысы

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент келесідей дағдыларды игеруі тиіс:
– ақпаратты сын елегінен өткізе білуі, жинақталған тәжірибені қайта қарай алуды және ақпаратты қорыта отырып, үйлесімді шешім қабылдауды;

- тәжірибелік сабақтар барысында бұл тақырып бойынша негізгі есептерді шеше білуі тиіс;

- мүліктік жалдау шартын реттейтін азаматтық-құқықтық нормаларды талдауды.

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент:

Білуі тиіс:

- мүліктік жалдау шарты туралы негізгі ережелерді, мүлік жалдау шартының мазмұнын;

- мүлік жалдау шартының түрлерін;

- үйлерді, ғимараттарды, кәсіпорындарды жалдау шарттары туралы, лизинг, мүлікті тегін пайдалану туралы негізгі ережелер.

Игереді:

-жоғарыда аталған шарттарды реттейтін азаматтық-құқықтық және өзге де нормаларды талдауды.

3. Сот және әкімшілік тәжірибе

Заочное решение Специализированного межрайонного экономического суда Карагандинской области от 20 октября 2015 года по делу № 2-5428-15 по исковому

заявлению АО «УИК «Арқа» к ТОО «ТАЙ». Заочное решение Бостандыкского районного суда г. Алматы от 16.04.2015 года по делу № 2-1896/15 по иску ТОО «Вираз-Лизинг» к Валиеву Р.Ф., Валиеву Р.А., Исаевой З.А. Решение Специализированного межрайонного экономического суда Актюбинской области 21 мая 2015 г. по делу №2-1040/15 по иску ТОО «Актобе-агросервис» к к/х «Олжас».

4. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылдаған // <http://adilet.zan.kz/>

2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999 жылдың 01 шілдесі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 23 қарашасындағы №414-V Еңбек Кодексі// <http://adilet.zan.kz/>.

4. Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 29 қазанындағы №375-V Кәсіпкерлік кодексі// <http://adilet.zan.kz/>.

5. Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 31 қазанындағы №377-V Азаматтық Процессуалдық Кодексі (2016 жылдың 26 шілдесіндегі өзгерістерді қоса алғанда)// <http://adilet.zan.kz/>.

6. «Тұрғын үй қатынастары туралы «Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 16 сәуіріндегі №94 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

7. «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 05 шілдесіндегі №78 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

8. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Заңы// <http://adilet.zan.kz/>.

9. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 26 шілдесіндегі №310 Заңы <http://adilet.zan.kz/>.

10. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

11. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы. // <http://adilet.zan.kz/>.

12. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ. // <http://adilet.zan.kz/>.

13. «Тұрғын үйге меншік құқығына қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі N 5 Нормативтік қаулысы // <http://sud.gov.kz/>.

14. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр.146-206).

15. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 203-209; 211-221).

16. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Үлгі: Жилищные споры / Под ред. К.А. Мами, М.Т. Алимбекова, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2016. – Вып. 47. (стр. 3-126).

17. Дуйсенова А.Е. Права и обязанности сторон по договору лизинга. // Субъективное гражданское право и средства его обеспечения: сб. материалов международной научно-практической конференции. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2005. – С. 216-227.

5 тақырып. Жұмысты орындау жөніндегі шарттар (мердігерлік сипаттағы шарттар). Мердігерлік туралы жалпы ережелер. Тұрмыстық

мердігерлік. Құрылыс мердігерлігі. Жобалау және іздестіру жұмыстарына, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік.

1. Тақырып мазмұны

Мердігерлік мазмұны. Мердігерлік шартының тараптары, пәні және нысаны. Мердігерлік шарты мен еңбек шартының ара қатынасы. Мердігерлік шартының интеллектуалдық меншік объектісін жасау жөніндегі шарттан айырмашылығы. Мердігерлік шартының түрлері (тұрмыстық мердігерлік, құрылыс мердігерлігі, жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік). Жұмысты мердігердің қарамағында орындау. Мердігердің шаруашылық еркіндігі. Материалдардың кездейсоқ жойылу қаупі. Бас мердігер және қосалқы мердігер. Бас мердігер және қосалқы мердігердің құқықтары, міндеттері және жауаптылығы. Жұмысты орындау мерзімі. Бастапқы, аралық және түпкі мерзімдер. Жұмыстың бағасы. Мердігерлік шартындағы мердігердің міндеттері. Мердігерге тапсырма. Смета. Тұрлаулы смета. Мердігердің үнемі. Жұмысқа ақы төлеу тәртібі. Жұмыстың нәтижесін, құралдарды, сыйақыны ұстап қалу құқығы. Жұмысты тапсырысшының материалдарын пайдалана отырып орындау. Тапсырысшы берген мүліктің сақталмағаны үшін мердігердің жауаптылығы. Тапсырысшының жұмыстарды орындау кезіндегі құқықтары. Мердігер тапсырысшыға ескертуге міндетті мән-жайлар. Тапсырысшының жәрдем көрсетуі. Тапсырысшының орындалған жұмысты қабылдауы. Жұмысты орындау барысындағы кемшіліктер. Жұмысты қабылдау-өткізу актісі. Көрінеу кемшіліктер. Жасырын кемшіліктер. Кепілдік мерзімі. Сараптама. Жекелеген бөліктерді немесе толықтай қабылдау. Жұмыстың нәтижесін мердігердің сатуына жол беретін негіздер. Толықтай қабылдау барысында кемшіліктерді айқындаған реттегі тапсырыс берушінің құқықтары. Мердігерлік нысанасы жойылған немесе жұмысты аяқтау мүмкін болмаған жағдайдағы тараптар арасындағы есеп айырысу. Жұмыстың сапасы. Жұмыстың сапасына кепілдік. Кепілдік мерзімді есептеу тәртібі. Мердігердің жұмыс сапасының тиісті дәрежеде болмауы үшін жауапкершілігі. Жұмыс сапасының лайықсыздығы туралы талап арыздар жөніндегі мерзімнің ескіруі. Мердігердің тапсырысшыға ақпарат беру міндеті. Тараптар алған ақпараттың құпиялылығы. Коммерциялық құпия. Тапсырысшыға материалдар мен жабдықтарды қайтарып беру. Тұрмыстық мердігерлік шарты және оның ерекшеліктері. Тұрмыстық мердігерлік шарты жария шарт ретінде. Тұрмыстық мердігерлік шартының тараптары. Шарттың нысаны. Тапсырыс берушінің құқықтарына кепілдік беру. Тапсырысшыға жұмыстың нәтижелері туралы ақпарат беру. Тапсырысшыға жұмыс туралы ақпарат беру. Жұмысты мердігердің материалынан орындау. Жұмысты тапсырысшының материалынан орындау. Жұмыстың бағасы және оған ақы төлеу. Орындалған жұмыстан кемшіліктер табудың зардабы. Тапсырысшының орындалған жұмыс нәтижесін алуға келмеуінің зардабы. Құрылыс мердігерлігінің шарты және оның ерекшеліктері. Құрылыс мердігерлігі шартының тараптары. «Кілтке» дейінгі құрылыс туралы шарт. Құрылыс мердігерлігі шарты бойынша тәуекелді бөлісу. Жұмыстың кездейсоқ қымбаттау қаупі. Мердігердің тәуекелін сақтандыру. Жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігі үшін жауаптылық. Жобалау-сметалық құжаттама. Жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізу. Жұмыстарды материалдық қамтамасыз ету. Жұмысқа ақы төлеу. Құрылыс салу үшін жер учаскесін беру. Тапсырысшының құрылыс мердігерлігі шартындағы қосымша міндеттері. Тапсырысшының шарт бойынша жұмыстың орындалуын бақылауы мен қадағалауы. Мердігердің қоршаған органы қорғау және құрылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу

жөніндегі міндеттері. Тараптардың құрылысты консервациялау кезіндегі міндеттері. Жұмыс нәтижелерін тапсыру және қабылдау. Мердігердің жұмыстардың сапасы үшін жауаптылығы. Құрылыс мердігерлігі шартындағы сапа кепілдіктері. Кемшіліктерді тапсырысшының есебінен жою. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарт. Жобалау және іздестіру жұмыстарының ұғымы. Жобалау және іздестіру жұмыстарына арналған бастапқы деректер. Тапсырысшының міндеттері. Мердігердің міндеттері. Мердігердің кепілдіктері. Жобалау-сметалық құжаттаманың және іздестіру жұмыстарының кемшіліктері үшін мердігердің жауаптылығы. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға шарттар. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың ұғымы. Шарттың тараптары. Жұмысты мердігердің (атқарушының) орындауы. Жұмысты тапсыру, қабылдау және оған ақы төлеу. Шарт туралы мәліметтердің құпиялылығы. Тараптардың жұмыс нәтижелеріне құқықтары. Тапсырысшының міндеттері. Мердігердің (атқарушының) міндеттері. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасалған шартта нәтижеге жету мүмкіндігі болмауының салдары. Тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға жасалған шартта жұмыс нәтижесіне жету мүмкіндігі болмауының салдары. Мердігердің (атқарушының) шартты бұзғаны үшін жауапкершілігі.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты меңгергеннен кейінгі студенттердің игеруі тиіс дағдылармен байланысы

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент келесідей дағдыларды игеруі тиіс:

- құқық нормаларын дұрыс қолдана білуді.
- жоғарыда аталған тақырып бойынша құқықтық әдебиеттерді талдауды.
- жоғарыда аталған тақырыптар бойынша есептерді шеше білуді.

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент:

Білуі тиіс:

- мердігерлік шартының жалпы ережелерін.
- тұрмыстық мердігерлік, құрылыс мердігерлігі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына мердігерлік, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерліктің жалпы ережелерін және ерекшеліктерін.
- мердігерлік шартының жоғарыда аталған түрлерін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілерді.

Игереді:

–азаматтық құқық саласы бойынша алынған білімін жинақтап, талдауды, мердігерлік шарты мен оның жекелеген түрлеріне қатысты құқықтық есептер мен көкейкесті мәселелерді сәтті шеше білуді игереді.

3. Сот және әкімшілік тәжірибе

Решение Специализированного межрайонного экономического суда г. Астаны от 21 января 2016 года по делу № 2-14560/2015 по исковому заявлению ГУ «Управление строительства города Астаны» к ТОО «Ақниет-Астана АБС». Решение Специализированного межрайонного экономического суда Атырауской области от 04 февраля 2015 года по делу № 2-149/4-15 по иску товарищества с ограниченной ответственностью «АСАКО» к товариществу с ограниченной ответственностью «СММ engineering». Решение суда № 2 города Уральска Западно-Казахстанской области от 26 марта 2015 года по делу № 2-3853/2015 по иску Юмалина С.В. к ТОО «UCP».

4. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылдаған // <http://adilet.zan.kz/>

2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999

жылдың 01 шілдесі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Заңы // <http://adilet.zan.kz/> .

4. «Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 5 нормативтік қаулысы. // <http://sud.gov.kz/>.

5. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр.206-245).

6. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 222-276).

7. Диденко А.Г. Ответственность сторон по договору подряда // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Избранное. Том II (Выпуски 11-20) / Под ред. А.Г. Диденко. – Алматы: Паритет, Институт правовых исследований и анализа, 2008. (стр. 684-700).

8. Балыков Д. Договору строительного подряда - особое внимание // <https://www.zakon.kz/4579384-dogovoru-stroitel'nogo-podryada-osoboe.html>.

6 тақырып. Қызмет көрсету жөніндегі шарттар. Өтелмелі қызмет көрсету шарты. Тасымалдау шарты. Кеме жалдау (чартер) шарты. Көлік экспедициясы шарты.

1. Тақырып мазмұны

Қызмет көрсету жөніндегі шарттардың ұғымы және белгілері. Қызмет азаматтық құқықтың объектілерінің дербес түрі ретінде. Мердігерлік және өтемелі қызмет көрсету шарттарының ажыратылуы. Қызмет көрсету жөніндегі шарттардың мысалы. Қызмет көрсету жөніндегі шарттардың құқықтық табиғаты. Өтелмелі қызмет көрсету шарты. Өтелмелі қызмет көрсету шартының тараптары. Өтелмелі қызмет көрсету шартын орындау. Қызметке ақы төлеу. Өтелмелі қызмет көрсету шартын орындаудан біржақты бас тарту. Өтелмелі қызмет көрсету шартының құқықтық реттелуі. Өтелмелі қызмет көрсету шартының кейбір түрлері: байланыс және ақпарат қызметі, медициналық қызметтер, әлеуметтік сипаттағы қызметтер, мал дәрігерлік қызметтер, аудиторлық қызметтер, құқықтық қызметтер, туристік-экскурсиялық қызметтер, спорттық-сауықтыру қызметтері, шипажай-емдеу қызметтері, мәдени-тамашалау қызметтері. Өтелмелі қызмет көрсету шартының мазмұны. Тасымалдау шарты. Жүктерді, жолаушыларды және қол жүгін тасымалдау. Көлік құралының ұғымы. Жүктерді тасымалдау ұғымы. Көлік туралы заңнамалық актілерде қарастырылған көлік жүкқұжаты, коносамент, тауар-көлік жүкқұжаты. Жолаушыларды тасымалдау шарты. Жолаушыларды тасымалдау шартын рәсімдейтін құжаттар. Кеме жалдау (чартер) шарты. Кеме жалдау (чартер) шартының тараптары: кемемен жалданушы, кеме жалдаушы. Тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі ұзақ мерзімді шарттар. Көлік ұйымдарының арасындағы шарттар, тораптық келісімдер, жүктерді орталықтандырылған түрде әкелу (әкету) шарты және басқалар. Аралас тасымалдау. Жалпы пайдаланыстағы көлікпен тасымалдау. Көлік құралдарын беру, жүкті тиеу (түсіру). Кіре ақысы. Жүкті, жолаушыны және (немесе) теңдеме жүкті жеткізу мерзімі. Жүкке билік ету құқығы. Жолаушылардың құқықтары. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелердің бұзылғаны үшін жауапкершілік. Тасымалдаушының көлікті бермегені үшін және жөнелтушінің берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін жауапкершілігі. Тасымалдаушының тікелей аралас қатынас кезіндегі жауапкершілігі. Тасымалдаушының жолаушыны жөнелтуді кідірткені үшін жауапкершілігі. Жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалғаны, кем шыққаны және зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі. Жүктерді

тасымалдау жөніндегі талаптар мен талап қоюлар. Тайм-чартердің мазмұны. Қосалқы кеме жалдау шарты (субтайм-чартер). Көлік экспедициясы шарты. Шарттың тараптары. Шарттың нысаны. Экспедиторға берілетін құжаттар мен басқа да ақпарат. Экспедитордың міндеттерін үшінші тұлғаның атқаруы және де шарттың өзге де ережелері.

2. Дәріс және семинар тақырыптарының бұл тақырыпты меңгергеннен кейінгі студенттердің игеруі тиіс дағдылармен байланысы

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент келесідей дағдыларды игеруі тиіс:

– зерттеу жұмыстарында тың идеяларды ұсынып, қолдана білуде тың соқпақтардың ашылуына әкелетін пән мазмұны бойынша терең білім мен түсінуді.

– дербес, шығармашылық жұмыс дағдыларын меңгеруі; өзінің жұмысын ұйымдастыруды; тың идеяларды ұсынып, оларды іске асыруды.

- өтемелі қызмет көрсету шарттарын реттейтін азаматтық-құқықтық нормаларды талдай білуді.

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент:

Білуі тиіс:

- өтемелі қызмет көрсету шарты туралы және оның жекелеген түрлері туралы негізгі ережелерді.

- өтемелі қызмет көрсету шарттарының жекелеген түрлерін (аудиторлық қызмет, туризм, тасымалдау және т.б.) реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілерді.

- кеме жалдау шартының ұғымы және мазмұны.

- тасымалдау шартының ұғымы және мазмұны.

Игереді:

– азаматтық құқық саласы бойынша алынған білімін жинақтауды және талдауды, құқықтық есептер мен көкейкесті мәселелерді дұрыс шеше білуді.

3. Сот және әкімшілік тәжірибе

Постановление Надзорной судебной коллегии по гражданским и административным делам Верховного Суда Республики Казахстан от 23 декабря 2015 года по иску ГУ «Налоговое управление по городу Актау» к ТОО «PCO» и ТОО «СТ-93».

4. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылдаған // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999 жылдың 01 шілдесі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі N 156 Заңы.// <http://adilet.zan.kz/>.

4. «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 20 қарашадағы N 304-I Заңы. // <http://adilet.zan.kz/>.

– өзінің байламдарын, білімі мен негіздемесін мамандарға және өзге саланың адамдарына айқын және ұғынықты жеткізе білуді үйренеді.

Бұл тақырыпты меңгергеннен кейін студент:

Білуі тиіс:

- мұрагерлік құқық туралы жалпы ережелерді;

- мұрагерлік масса.

- өсиет бойынша мұрагерлік.

- заң бойынша мұрагерлік.

Игереді:

– мұрагерлікке қатысты нормативтік құқықтық актілерден хабардар болуы қажет.

3. Сот және әкімшілік тәжірибе

Решение Семейского городского суда Восточно-Казахстанской области от 09 октября 2015 года по делу № 2-12149-15 по иску Бермаганбетовой Р.Ж. к Акиму города Семей, государственному учреждению «Департамент юстиции Восточно-Казахстанской области».

4. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (жалпы бөлім). Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылдың 27 желтоқсанында қабылдаған // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім), 1999 жылдың 01 шілдесі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Қазақстан республикасының қаржы Министрлігінің дәрменсіз борышқорлармен жұмыс жөніндегі Комитетінің 2005 жылдың 24 тамызындағы № КНД-3-2/2766 хаты // <http://adilet.zan.kz/>.

4. «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысы // <http://sud.gov.kz/>.

5. Гражданское право. Том III. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2004. (стр. 273-351).

6. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий (постатейный). В 2-х кн. Кн. 2 / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2006. (стр. 541-640).

7. Климкин С.И. О наследовании по праву предоставления //

http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34492229.

8. Диденко А.Г. Наследование банковских вкладов // <https://www.zakon.kz/203541-nasledovanie-bankovskikh-vkladov.html>.

III. Тәжірибелік сабақтардың тақырыптары

1-тақырып. Мүлікті жеке меншікке беру шарттары (шаруашылық басқару, оралымды басқару) 1- бөлім. Сатып алу-сату шарты және оның түрлері: бөлшектеп сатып алу-сату, тауар жеткізілімі, келісімшарт жасасу, энергиямен жабдықтау, кәсіпорынды сату, жекешелендіру.

1. Қарастырылатын сұрақтар.

1. Келісімшарттардың негізгі жіктелуі. Мүлікті меншікке беру келісім шарты.
2. Сатып алу-сату шарты. Негізгі ережелері. Тауардың кездейсоқ жойылу қаупін ауыстыру.
3. Бөлшектеп сатып алу-сату шартының негізгі ережелері мен ерекшеліктері.
4. Тауар жеткізілімі шартының негізгі ережелері.
5. Келісімшарт жасасу шартының негізгі ережелері.
6. Энергиямен жабдықтау шартының негізгі ережелері.
7. Кәсіпорынды сату шартының негізгі ережелері.
8. Жекешелендіру шартының негізгі ережелері.

2. Ситуациялық есептер (кейс/шағын кейстер).

№1. Николаев Крыловпен теледидар сатып алу туралы келіседі. Николаев Крыловқа алдын ала аванс төлеп, теледидарды келесі күні алып кететіндігі туралы айтты. Алайда, апта ішінде Николаев теледидарды алуға келмеді. Крылов Николаевқа телефон шалып, теледидарды оның жолдасы Романов жеткізіп беретіндігі, және қалған ақша сомасын Николаев Романовтан беріп жіберуін сұрайды, Николаев келіседі.

Теледидарды жеткізу барысында Романов жол апатына түсіп, теледидар сынып қалады. Бұл туралы білген Николаев төленген авансты қайтаруын талап етеді, бірақ Крылов жол апаты оның емес, Романовтың кінәсінен болды, және теледидарды солай жеткізуге Николаевтың өзі келісім бергендіктен авансты қайтарудың бас тартады. Сонымен қатар, Крылов Николаевтан теледидардың толық сомасын төлеуді талап етеді, және теледидар бойынша келтірілген шығынды Романовтан өтеп алуға кеңес береді.

Бұл жағдайда кімнің іс-әрекеті дұрыс? Теледидарды жеткізіп беру туралы Крылов емес, Николаев Крыловтан сұраған жағдайда, және осындай ситуация орын алғанда шешім өзгереді ме?

№2. Григорьев қыс мезгілінде Чашкиннен саяжай сатып алды. Мамыр айында ол өзінің отбасын осы саяжайға алып келді. Ол саяжайда Сидоров отбасысымен бірге тұрып жатқанын білді. Сидоровтың айтуы бойынша, ол өткен жаз айында Чашкинмен 2 бөлмені 5 жыл мерзімге жалдаған, және оған алдын ала барлық төлемді өткізіп қойған. Бірақ олардың арасында жазбаша келісімшарт жасалмағандығын айтады.

Григорьев Чашкинге өзінің шағымымен барады. Бірақ Чашкин Григорьевтың оның саяжайын жалға беретіндігі туралы алдын ала білді, және жалға алушылар туралы ешқандай сұрақтар қоймағанын айтады. Сонымен қатар, ол Григорьев саяжайға меншік құқығын дәлелдейтін құжаттарды тіркеу маңызды болып табылатындығын, және оның саяжайда тұрмайтындығын алдын ала білді, себебі Григорьев өзінің отбасымен жиі-жиі шетелге кетеді. Міне осы себептен, келісімшартта саяжайды берудің мерзімі көрсетілмеген.

Сонымен қатар, Чашкин Григорьевке сотқа бару керектігі туралы айтты, себебі саяжайды оған сату алдында, оның бұрынғы әйелінің меншігіне өткендігі туралы хабарлайды. Григорьев адвокатқа көмек сұрап барды.

Григорьевке қайдай түсініктемелер берілуі тиіс.

№3. Алексеев дүкеннен жиһаз сатып алды. Ол жиһаздың барлық сомасын төлеп, үйінде жөндеу жұмыстары жүріп жатқандықтан, оны дүкенде 3 күн қалдыруын сұрайды. Егер де Алексеев төлем жасаса, дүкеннің басшысы өзінің келісімін беретіні туралы айтты. Алексеев төлемді жасайды.

5 күннен кейін Алексеев жиһазды алуға келсе, дүкен жабық тұр екен. Дүкен басшысы Алексеевке дүкендегі барлық жиһаздар, соның ішінде Алексеев сатып алған жиһазды да жекізілім жасайтын фирмаға уақытында төлем жасалмағандықтан алып кеткендігі туралы айтты. Алексеев төлеген ақшасын қайтаруды талап етеді, бірақ дүкен басшысы шотта ақша болмағандықтан төлемді қайтарудың бас тартып, 1 ай уақыт өткеннен кейін келуін сұрайды.

Алексеев жиһаздың орнына, дүкеннен өзге тауар алуға дайын екендігін айтады, бірақ дүкен басшысы бұдан бас тартады. Алексеев тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұйымына барып, көмек сұрайды.

Алексеев қандай кеңес алуы тиіс? Егер де Алексеев жиһазын 5 күннен кейін емес, 15 күн өткен соң алуға келсе, сонымен бірге кассалық чекті жоғалтып алса, кеңестің мазмұны өзгереді ме ?

№4. Попова базардағы жеке кәсіпкерден әдемі көйлек сатып алып, оны құрбысына көрсетеді. Құрбысы оған, осындай көйлекті көргендігін және сатылым бағасы төмен екендігін айтады. Бұны білген Попова базарға қайта оралып, жеке кәсіпкерден көйлекті қайтарып алуын, және төлеген ақшасын қайтарып беруін сұрайды. Кәсіпкер оның талабын орындаудан бас тартады. Попова базар әкімшілігіне шағыммен барады.

Попова қандай түсінік алуы тиіс? Егер де Попова, көйлекті сатып алған кейін, оның тігістері сөгіліп жатқанын көріп, жеке кәсіпкерге көйлекті қайтарып, ақшасын кері талап еткен жағдайда, және кәсіпкер оның талабын орындаудан бас тартса шешім өзгереді ма?

№5. Шаров Петровадан үй сатып алады. 2 жыл өткеннен кейін, көктем мезгілінде жер асты сулары үйдің астында тұрған жертөлені су астында қалдырып, үй тұрғызылған тіректерді шайып, үйдің фундаменти отырды. Шаров Петроваға келесідей талап қойды: олардың арасында сатып алу-сату шартын күшін жойып, төлеген ақшасын сомасын қайтаруды немесе келтірілген шығындарды өтеп беру туралы.

Петрова, сот отырында мәселе үйде табылған кемшіліктер туралы емес екендігін айтты. Сонымен бірге, әр жылы көктем мезгілінде жер асты сулары үйдің астында тұрған жертөлені су астында қалтыратындығы туралы барлығына белгілі екендігін айтады.

Шаровтың талап арызы қанағаттандырылады ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз // <http://adilet.zan.kz/>.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/>.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.
4. Электр энергетикасы туралы 2004 ж. 9 шілдедегі ҚР Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
5. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы 2010 ж. 4 мамырдағы ҚР Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
6. Мемлекеттік мүлік туралы 2011 ж. 1 наурыздағы ҚР Заңы //

<http://adilet.zan.kz/>.

7. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы соттардың қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 1996 жылдың 25 шілдесі №7 нормативтік қаулысы// <http://sud.gov.kz/>.

8. Жылу және электр қуаты үшін берешекті өндіруге байланысты заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы №9 нормативтік қаулысы// <http://sud.gov.kz/>.

9. Мороз С.П. Защита прав потребителей: Курс лекций. – Алматы: НИЦ КОУ, 2013.(стр. 3-43).

10. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2002. (стр. 17-100).

11. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 14-137).

12. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 69-85).

13. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика / Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2014. – Вып. 43. (стр. 14-23).

2-тақырып. Мүлікті жеке меншікке беру шарттары (шаруашылық жүргізу, жедел басқару) 2 бөлім. Айырбас шарты, сыйға тарту шарты, рента шарты.

1. Қарастырылатын сұрақтар.

1. Айырбас шартының мазмұны.
2. Рим құқығындағы айырбас шарты.
3. Мүлікті меншікке беруде шарттардың бір түрі ретінде айырбас шарты.
4. Сыйға тарту шарты.
5. Рим құқығындағы сыйға тарту шарты.
6. Заттар сыйға тарту шартының пәні ретінде.
7. Сый берушіге немесе үшінші тұлғаға мүліктік құқық (талап) сыйға тарту шартының пәні ретінде.
8. Сыйға тартуды шектеу.
9. Рента шарты.
10. Рента шарты пайда болу мен даму тарихы.
11. Рента шартының мазмұны мен түрлері.

2. Ситуациялық есептер (кейс/шағын кейстер).

№1. «Стройсервис» АҚ мен жеке кәсіпкер Федоровтың арасында акционерлік қоғам «Вольво» жүк көлігін, ал Федоров оған 3 бөлмелі пәтерді беретіндігі туралы шарт жасасты. Бірақ, АҚ «Вольва» швед жүк көлігінің орнына Федоровқа тіркемемен жабдықталған «Камаз» көлігін береді. «Камаздың» бағасы біршама төмен болғандықтан, АҚ тағы 100 000 тг төлесе, Федоров оны қабылдайтындығы туралы айтты. Бұл келісім алдыңғы жасалған шартқа қосымша болып тіркелді.

Кейін тараптардың арасында жасалған жеткізу шартының мерзімі шарттың маңызды мәні болғандықтан, ал олар мерзімді көрсетпегендіктен, олардың арасында шарт жасалмаған болып саналады деп, АҚ 100 мың тг төлеуден бас тартып, Федоровтан «Камаз» көлігін қайтаруды талап етеді. Федоров қарсылығын білдірді, олардың арасында жасалған алғашқы шарт айырбас шарты болғандықтан, оған орындалатын мерзім маңызды емес, сонымен қатар ақшалай төлем жасау, шартты

сатып алу–сату немесе жеткізілім шартына өзгермейтіндігін айтты. Пайда болған дауды қарастыру мәселесі арбитражға берілді.

Істі шешіңіз.

№2. Лосев өзінің туысына Сидоровқа қымбат швейцарияның сағатын сыйлыққа берді. Көп ұзамай туыстар арасында қарым-қатынас күрт нашарлады, ал тағы бір жанжал кезінде Сидоров Лосевқа балағат сөздер айтып, соңғының көлік жүргізушісіне дене жарақаттарын келтіреді. Осы әрекеттері үшін Сидоровты бас бостандығынан айыруға сотталды. Сидоровтың жоғын пайдаланған Лосев, сыйға тарту шартын орындаудан бас тартып, оның үйінен сағатты алып кетеді. Сидоровтың әйелі сотқа сыйлақты қайтару туралы талап арызбен жүгінеді.

Істі шешіңіз.

№3. Өмір бойы асырауда ұстау шарты бойынша Партонен Соболевке өзінің үйін, жеміс және көкеніс бақшасымен жер учаскесін, сондай-ақ жерді өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы техникасы мен бау-бақша құралдарын берді. Соболев оның орнына Партоненді айына 500 руб. сома шегінде асырауда ұстауды (азық-түлік, киім-кешек, және т.б.) міндеттенеді. Шарт талаптары бойынша, Соболев Партоненнің пайдасына «Петрострах» АҚ-да өз міндеттерін орындамағаны үшін жауапкершілікті сақтандыру керек еді, бірақ ол оны орындамады.

Біраз уақыттан кейін Соболев Партоненге берілетін ақша сомасын 450 руб. дейін қысқартты, оның себебі ретінде ауыл шаруашылығы техникасына меншік құқығына алмағанын, және жылжымалы мүлік шарттың мәні болмайтынын айтты. Көп ұзамай Соболев Партоненге спирттік ішімдіктерді, және осы ішімдікті дайындауға қажетті азық-түліктерді сатып алуын тоқтатты. Осының нәтижесінен асырауда ұстауда жұмсалатын ақша мөлшері 400 руб. дейін төмендейді. Ызаланған Партонен сотқа шартты бұзу және келтірілген залалдардың орнын толтыру туралы талап арызбен жүгінеді.

Сотта Соболев асырауда ұстау мөлшерін азайтуының себебі ретінде, оның Партоненнің денсаулығы туралы ойлағанын айтты. Сол арқылы жинақталған соманы Соболев жерлеу рәсімдеріне қолданатыны туралы айтты. Соболев «Петрострах» АҚ өз міндеттерін орындамағаны үшін жауапкершілікті сақтандырмауының себебі, АҚ жақында банкротқа ұшырады. Өзге фирмаларға сенімсіз болғандықтан, Соболев сақтандыруды орындамады. Сонымен қатар, жылжымайтын мүлікке кепілдік құқығының болуы, Партоненнің мүддесіне кепілдік болады.

Сот қандай шешім шығаруы керек?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

4. Бағалы қағаздар рыногы туралы 2003 жылдың 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңы// <http://adilet.zan.kz/>.

5. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр. 100-131).

6. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 138-179).

3-тақырып. Мүлікті пайдалануға беру шарттары. Мүлікті жалдау (аренда) шартының жалпы ережелері. Көлік құралдарын жалдау, прокат шарты.

1. Қарастырылатын сұрақтар.

1. Мүлікті пайдалануға беру шартының негізгі ережелері.
2. Мүлік жалдау (аренда) шартының жалпы ережелері.
3. Көлік құралдарын жалдаудың жалпы ережелері.
4. Прокат шартының жалпы ережелері.

2. Ситуацилық есептер (кейс/шағын кейстер).

№1. Иванов өзінің музыкалық аспабы рояльды Петровка 10 жыл мерзімге пайдалануға берді. Бірақ рояль Ивановтың үйінде болады, ал Петров әр аптаның бейсенбі күнінде сағат 16.00 де келіп, 2 сағат көлемінде пайдалана алады. Осы рояльды пайдаланғаны үшін төлем ретінде Петров әр келгенінде өзімен бірге тағамдар алып келу керек. Бұл келісім жазбаша түрде жасалды. 2 жыл мерзім өткеннен кейін Иванов пен Петров дауласып қалады, соның әсерінен Иванов екіншісін үйіне енді кіргізбейтіндігін және рояльды пайдалануға бермейтіндігін айтты. Содан кейін Петров Ивановқа рояльды қайтадан пайдалануға беруін талап етіп сотқа жүгінеді.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс? Егер де Ивановтың үйін Сидоров сатып алып, Петровты рояльмен пайдалануға рұқсат бермеген жағдайда шешім өзгереді ма?

№2. «Новый путь» құс фабрикасы фермер Подкопайлоға екі ғимарат орнын жалға береді, алайда ғимарат орындары фермерге іс жүзінде өткізілгеннен соң тек 6 айдан кейін ғана шартқа қол қойылады. Құс фабрикасы мен фермер арасындағы шарттық қарым-қатынастар тек шартқа қол қойылған күннен бастап пайда болғанына сүйене отырып, фермер жалға алған орынның ақысын тек шартқа қол қойылған күннен бастап қана төлейді, ал алдыңғы алты айға ақы төлеуден бас тартады.

Дауды арбитраждық сотта қарастыру кезінде фермер шартқа уақытында қол қойылмау себебі – құс фабрикасы жалға беретін орынды шарт мақсаттарына бейімсіз күйде өткізгенін және фермердің өзі оны қайта жабдықтағанын айтады. Ал құс фабрикасы өз кезігінде ғимаратты жалға берілген күннен бастап орынның бір бөлігін тракторлар бөлшектерінің қорын сақтау үшін пайдаланғанын растайтын құжаттарды ұсынады.

Сот қандай шешім шығарады? Егер де фермер ғимаратты өзінің көршісі Петровтан алған жағдайда, шешім өзгереді ме?

№3. Травкин Муравьевке 3 жыл мерзімге мамық жинау мақсатында қояндар үйірмесін жалға береді. Төлем ретінде қояндар әр көбейген сәтінде 1 қояннан алып тұрады, дегенмен жылына 1 қояннан кем болмауы тиіс. Жалға алудың 1 жылында қоян көбеймеді. Бұны білген Травкин төлемді жасауды талап етеді. Ал егер де Муравьев оны орындаудан бас тартса, шартты бұзатындығы және келтірілген шығындардың орнын толтырып беруді талап етеді. Муравьев өз кезегінде жалға алып жатқан мүліктің жағдайы нашарлағанына сілтеп, оны аренданы төлеуден босатуды сұрайды. Травкиннің көршісі Кузнецов, егер де қояндар көбеймесе, онда Муравьев сондай қоян сатып алып, жалға алудың төлемі ретінде өткізуі керек деп ойын білдірді.

Туындаған дауда кімнің әрекеттері дұрыс?

№4. Жеке кәсіпкер Чипсов өзінің кеңсе кеңестігін жинау кәсібін жүргізу мақсатында прокат кеңсесіне 1 ай мерзімге шаңсорғышты жалға алуға барады. Прокат кеңсесі жеке кәсіпкерлік қызметінде пайдаланған мүлік, үй шаруашылығында қолданғанмен салыстырғанда, тез тозады, ал бұл олардың тарифтерімен реттелмегендіктен, шарт жасаудан бас тартады.

Чипсов арбитраждық сотқа прокат кеңсесін тиісті келісімшарт жасасуға мәжбүрлеу туралы және жеке кәсіпкердің қызметінде бос уақытты туғызған шығындарды – күнделікті орташа табысты өткізілген күндерге көбейтіп, шыққан төлемді өтеуді талап етеді.

Істі шешіңіз. Егер де шаңсорғыштың орнына жонғыз болса, шешім өзгереді ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V. // <http://adilet.zan.kz/>.

4. Соттардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын азаматтық істер бойынша қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасының Жоғары сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы №8 нормативтік қаулысы // <http://sud.gov.kz/>.

5. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 179-211).

6. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2002. (стр.131-146).

7. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика / Под ред. К.А. Мами, Д.С. Амирова, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2016. – Вып. 48. (стр. 4-19; 20-32).

8. Нестерова Е.В. Договор аренды государственного имущества. // Объекты гражданских прав: сб. материалов международной конференции (в рамках ежегодных цивилистических чтений). / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: КазГЮУ, 2004. – С. 348-353.

4-тақырып. Лизинг, тұрғын үйді жалдау, мүлікті тегін пайдалану (ссуда шарты) . Кәсіпорынды жалдау. Үйлер мен ғимараттарды жалдау.

1. Қарастырылатын сұрақтар.

1. Лизинг шартының негізгі ережелері.
2. Тұрғын үйді жалдау шарты.
3. Мүлікті тегін пайдалану (ссуда шарты).
4. Кәсіпорынды жалдау.
5. Үйлер мен ғимараттарды жалдау.

2. Ситуацилық есептер (кейс/шағын кейстер).

Талап қоюшы (жалға беруші) мен жауапкер (жалға алушы) арасында 2000 жылдың 1 шілдесінде №30 шарты жасалды.

Осы шарттың 1.1. тармақшасы бойынша, жауапкерге 257,1 шаршы метр көлемінде Свобода даңғылының, 44 үйінен 2300 АҚШ доллар тұратын пәтер жалға берілді. Жауапкер жалға алынған пәтердің сомасын АҚШ долларын беларусь рубліне сол сәттегі курс бойынша аударып төлейді. Шарттың 5.1. тармағы бойынша жалға

берушінің шотына әр айдың 20 –на дейін жалға алушы ақша сомасын өткізуі керек. Аренданың төлемін кешіктірген әр күн үшін 0,15% көлемінде айыппұл төлейді.

2000 жылдың маусым-қыркүйек айларында жалға алушы пәтердің арендасын төлемеді.

№30 жалдау шартының №1 қосымша келісімшартының 1.1. тармағында жалға алушының арендаға қатысты қосымша шарттар қосылды: жалпы сомасы 1 323 283 рубль көлемінде жалға алушы ғимараттардың фасадтарын жөндеуі тиіс. № 1 қосымша келісімшартының 4.3. тармағы бойынша жалға алушы ғимараттың фасады бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізгендіктен, 2000 жылдың 11 сәуір айының есебі бойынша сол жылдың маусым-қыркүйек айларында пәтердің арендасынан 580 509 рубль көлемінде босатылады, және іс жүзінде жөндеуге кеткен шығындарын толықтай өтелгенге дейінгі мерзімге дейін босатылады.

№1 Қосымша келісімшартының талаптары жауапкермен ішінара орындалды. Ол 456 350 рубль көлемінде жұмысты орындағанын растайтын анықтаманы ұсынды.

2000 жылдың 7 қыркүйек айында жауапкер өзінің жіберген хатында ол 2 қыркүйек айынан бастап жалға алынған 194,55 шаршы метрді құрайтын тұрғын емес үй-жайды босатқаны туралы хабарлады. Осы хатта жалға алушы жалдау шартын бұзі туралы ұсыныс айтты.

2000 жылдың 15 қыркүйегінде біз жігерген жауап хатында оның ұсынысын қабылдамайтынымыз, яғни шартты бұзды деп есептемейміз, және де жалға алушы ғимараттың фасады бойынша жүргізген жөндеу жұмыстарына кеткен шығынды есептемегенде, қалған аренда үшін төленетін ақша сомасын толықтай төлеуді талап етеді. Сонымен қатар, барлық жалға берілетін тұрғын жайларда жөндеу жұмыстары қажет.

Осы жоғарыда айтылғандардың және Беларусь Республикасының Азаматтық кодексінің 364 бабының негізінде, жауапкерден: 1) аренда төлемі бойынша қарыздарды (есеп-шот қоса беріледі);

2) жылу энергиясы бойынша қарызды (есеп-шот қоса беріледі);

3) жалға алынған үй-жайлар бойынша жүргізілуге тиіс жөндеу жұмыстарының төлемі (есеп-шот қоса беріледі),

4) төленген мемлекеттік бажды өндіріп алуды талап етеді.

Талап арызды қараңыз. Тараптармен келтірілген ділелдерді саралап, талдап өзіңіздің шешіміңізді беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V // <http://adilet.zan.kz/>.

4. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V. // <http://adilet.zan.kz/> .

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V (26.07.2016 ж. өзгертулермен) // <http://adilet.zan.kz/>

6. Тұрғын үй қатынастару туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94-I // <http://adilet.zan.kz/>.

7. Қаржы лизингі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі № 78 // <http://adilet.zan.kz/>.

8. Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі рулаы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

9. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310// <http://adilet.zan.kz/>
10. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы №291 – IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
11. Мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
12. Рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V // <http://adilet.zan.kz/>.
13. Тұрғын үйге меншік құқығына қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2007 жылғы 16 шілдедегі №5 нормативтік қаулысы // <http://sud.gov.kz/>.
14. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2002. (стр.146-206).
15. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 203-209; 211-221).
16. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Үлгі: Жилищные споры / Под ред. К.А. Мами, М.Т. Алимбекова, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, 2016. – Вып. 47. (стр. 3-126).
17. Дуйсенова А.Е. Права и обязанности сторон по договору лизинга. // Субъективное гражданское право и средства его обеспечения: сб. материалов международной научно-практической конференции. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2005. – С. 216-227.

5-тақырып. Жұмыстарды орындау бойынша шарттар (мердігерлік типтегі шарттар). Мердігерлік туралы жалпы ережелер. Тұрмыстық мердігерлік. Құрылыс мердігерлігі. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік, ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік.

1. Қарастырылатын сұрақтар.

1. Жұмыстарды орындау бойынша шарттардың жалпы ережелері (мердігерлік типтегі шарттар).
2. Мердігерлік туралы жалпы ережелер.
3. Тұрмыстық мердігерлік.
4. Құрылыс мердігерлігі.
5. Жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік
6. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік.

2. Ситуацилық есептер (кейс/шағын кейстер).

№1. Екі ағаш ұстасы Прокудинмен оның саяжайында 1 маусымға дейін ағаш гаражын салу туралы келіседі. Еңбек келісімі деп аталатын құжатта атқаратын қызметке төленетін соманың мөлшері көрсетілді. Осы келісімшартта салынатын ғимаратқа қатысты барлық талаптары көрсетілген (гараждың аумағы, фундаменттің материалы, темір шатыр, және т.б.). Прокудин құрылысқа қажетті материалдарды 10 мамырға дейін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Ағаш ұсталары өздерінің қызметіне уақытылы кірісіп кетті. 28 мамырда барлық жұмыстарды аяқтап қалды. Олар Прокудинге 30 мамыр күні орындалған жұмысты қабылдауға келуін сұрайды. 29 мамыр күні қақпаны салу қалған болатын. Мамыр айының 28-нен 29-на қараған түнде найзағай әсерінен, гараж толығымен өртеніп кетті. 2 маусым күні Прокудин жұмысты қабылдауға келгенде, сақталған

фундамент пен қақпаны көреді. Олардың арасында жасалған келісім мердігерлік шарт деп есептеп, Прокудин орындалған жұмыс үшін ақыны төлеуен бас тартады және де ақысыз негізде гаражды қайтадан өздерінің ебесінен салуды талап етеді. Ағаш ұсталары жұмыс қақпаны ілуді санамағанда, толықтай орындалды деп есептейді, және оларға сыйақыны алуға құқықтарын бар екенін айтады. Ал олардың арасында жасалған келісім қандай екендігін білмейді. Оларға атқаратын жұмысы үшін алдын ала келісілген сыйақының мөлшері маңызды.

Тараптардың дәлелдерін саралаңыз. Егер де осы жағдай маусым айының 1-нен 2-не қараған түнде болса, шешім өзгереді ма?

№2. Жеке кәсіпкер Седов Борисовпен үй ішінде жөндү жұмыстарын жүргізу туралы шарт жасасады. Шарт бойынша Седов 20 тамызға дейін ванна бөлмесінің қабырғаларына кафельді жапсыруға, паркетті қалпына келтіруге, төбелерді бояуға және тұсқағаздарды қабырғаға жапсыруға міндетті еді. Барлық жұмыс тапсырыс берушінің материалдарынан жасалды.

Седов осы жұмыстарды орындауды «Строитель» ЖШС-не тапсырады. Орындалған жұмысты 20 тамызда тапсыру барысында паркет сапасыз түрде төселгенін, араларында тесіктер бар, ал кафельдің түстері сәйкес келмейді. Борисов бір апта ішінде кемшіліктерді жоюды, сонымен қатар жұмыстың нашарлағаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етті. Седов тұрақсыздық айыбын төлеуге қарсылық білдірді, себебі олардың арасында жасалған шартта бұл туралы жазылмаған. Кемшіліктерді жою бойынша, тікелей «Строитель» ЖШС-не жүгінуді сұрады.

Сот қандай шешім шығаруы тиіс? Егер Седов ЖШС-ке тек қана ванна бөлмесінің кафелін жапсыруды тапсырса, шешім өзгереді ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі рулаы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңы // <http://adilet.zan.kz/> .

4. Сот шешімі туралы Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 нормативтік қаулысы // <http://sud.gov.kz/>.

5. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр.206-245).

6. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 222-276).

7. Диденко А.Г. Ответственность сторон по договору подряда // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Избранное. Том II (Выпуски 11-20) (под ред. А.Г. Диденко). – Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2008. (стр. 684-700).

8. Балыков Д. Договору строительного подряда - особое внимание // <https://www.zakon.kz/4579384-dogovoru-stroitel'nogo-podryada-osoboe.html>.

6-тақырып. Қызмет көрсету шарттары. Өтемелі қызмет көрсету. Тасымалдау шарты. Кеме жалдау (чартер) шарты. Көлік экспедициясы шарты.

1. Қарастырылатын сұрақтар.

1. Қызмет көрсету шарттары. Өтемелі қызмет көрсету.

2. **Тасымалдау шарты.**
3. **Кеме жалдау (чартер) шарты.**
4. **Көлік экспедициясы шарты.**

2. Ситуацилық есептер (кейс/шағын кейстер).

№1. Мурманск бөлімшесінің Октябрьск теміржолы «Апатит» бірлестігіне олардың арасында жасалған ұзақ мерзімді шарт бойынша сәуір айында жүк тасымалдайтын 300 вагон беруі тиіс еді. Теміржол бөлімшесі, бірлестіктің тасымалдауға жіберетін кеннің көлеміне байланысты мәлеметтер бойынша 1 онкүндікке 100 вагонның орнына 120 вагонға тапсырыс берді. Бірлестік 100 вагонды жүктеп, ал қалған 20 вагонды себебін түсіндірмей, жүктеуден бас тартады.

Екінші онкүндікте 100 вагонның орнына теміржол 80 вагонға тапсырыс берді, ал үшінші онкүндікте жүк жіберушінің тапсырысы бойынша 100 вагонды жібереді.

«Апатит» бірлестігі Мурманск бөлімшесіне қарсы екінші онкүндікке 20 вагонды жеткізбегендігін негізге ала отырып сотқа талап арызбен жүгінеді. Сонымен қатар, бөлімше талап арыз оларға емес, жүк тасымалдаудың құқыққатынастың субъектісі болып табылатын теміржол Басқару орталығына қарсы қойылу керектігін айтты.

Тараптардың дәлелдерін анықтап, істің шешімін беріңіз.

№2. Козлов теңдеме жүктің бағасын айтып, оны теміржол станциясымен жіберді. Станцияға келген багажды алғаннан кейін, Козлов жіберген заттардың орнына теңдеме жүкте ешкімге керек емес заттар бар екендігі анықталды. Бұл жағдай жүк келген станцияның коммерциялық актісімен расталды.

Козлов жоғалған багаждың нақты құнын қалпына келтіру үшін теміржолға қарсы сотқа талап арызбен жүгінді. Козлов көрсетілген теңдеме жүктің бағасынан 2 есе көп тұратын жоғалған заттың құнын растайтын тауарлық чекті ұсынды.

Темір жол станциясы жоғалған жүктер мен теңдеме жүктер үшін қандай жауапкершілікте болады? Егер де Козлов теңдеме жүктің құнын жарияламай жіберсе, шешім өзгереді ма? Жоғалған жүк пен теңдеме жүк бойынша келтірілген шығындарды қай жол (жөнелтуші не алушы)өтеп береді?

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
3. Қазақстан Республикасындағы көлік туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>
4. Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304-І Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
5. Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Қазақстан Республикасының 13 маусымдағы 2001 жылғы № 211 // <http://adilet.zan.kz/>.
6. Теміржол көлігі туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы № 266-ІІ Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
7. Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы № 284-ІІ Заңы// <http://adilet.zan.kz/>.
8. Ветерания туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-ІІ Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
9. Автомобиль көлігі туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 476 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.
10. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №

319-III Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

11. Қазақстан Республикасының әуе кеңестігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

12. Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуе көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 540 бұйрығы // <http://adilet.zan.kz/>.

13. Жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 542 бұйрығы // <http://adilet.zan.kz/>» .

14. Сулейменов М.К. Структура договорно-хозяйственных связей. - Алма-Ата: Изд-во «Наука», 1980. (с. 173-176).

15. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр. 245-310).

16. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 276-338).

7-тақырып. Заем шарты. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг).

1.Қарастырылатын сұрақтар:

1. Заем шарты. Шарттың пайда болу тарихы.
2. Заем шартының құқықтық сипаты.
3. Банк заемы шарты.
4. Мемлекеттік заем шарты.
5. Ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг).

2. Ситуацилық есептер (кейс/шағын кейстер).

Миронов Власовтан заем шарты бойынша банктің қайта қаржыландыру мөлшері бойынша ай сайын сыйақы төлеу шартымен 5 жылға 300 мың теңге қарыз алды. Бір жыл бойы шарт бойынша сыйақы төлеген, кейін Власовтан алған қарызды қайтаруды шешті. Власов онымен келіспеген және тек заем шартының мерзімі аяқталғаннан кейін ғана ақшаны алатындығын айтты.

Істі шешіңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздері

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Мемлекеттік мүлік туралы 2011 ж. 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

4. Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасы туралы Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы №7 нормативтік қаулысы // <http://sud.gov.kz/>.

5. Информационное письмо Консультативного Совета по выработке единой судебной практики при отправлении правосудия Карагандинского областного суда от 4 апреля 2012 года «О применении Закона «Об ипотеке недвижимого имущества», при рассмотрении дел по искам банков к заемщикам о досрочном взыскании предмета займа» // <http://adilet.zan.kz/>.

6. Письмо Национального Банка РК от 13 января 2012 г. № 21024/203юр «По вопросу практики применения законодательства о взыскании задолженности и

обращения взыскания на залоговое имущество» // <http://adilet.zan.kz/>.

7. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр.310-352).

8. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 338-377).

9. Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Үлгі: Жилищные споры / Под ред. К.А. Маами, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2014. – Вып. 43. (стр. 128-139).

10. Амренов Т. Договор займа: двусторонний характер // <https://www.zakon.kz/4546595-dogovor-zajjma-dvustoronnijj-kharakter.html>.

11. Галинская Ю. Договор факторинга как разновидность цессии // <https://www.zakon.kz/203570-dogovor-faktoringa-kak-raznovidnost.html>.

8-тақырып. Банктік қызмет көрсету. Банктік шот. Ақша аудару. Банк салымы.

1. Қарастырылатын сұрақтар:

1. Банктік қызмет көрсету шарты.

2. Банктік қызмет көрсету шартының түрлері:

-банктік шот шарты

-ақша аудару шарты

-банк салымы шарты

-заң бойынша немесе тараптардың келісімі бойынша қарастырылған шарттың

өзге

де түрлері

2. Ситуацилық есептер (кейс/шағын кейстер).

№1. Несиені қайтаруды қамтамасыз ету үшін банк қарыз алушыдан сақтандыру ұйымымен соңғы болып жасалған қарызды өтеу қаупі бар сақтандыру шартын қабылдады. Несие қайтарылмады, сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартты. Банк сақтандыру компаниясына қарсы сақтандыру төлемін төлеу туралы талап арызбен экономикалық сотқа жүгінді.

Талап арыз қанағаттандыруға жатады ма?

№2. Қарызды қайтаруды қамтамасыз ету үшін банк, қарыз алушымен өз пәтерін сатып алу және сату шартын жасасты. Қарыз алушы пәтерді банктен жалға алғандықтан осы пәтерде тұрды. Несиені қайтармауына байланысты, банк пәтерді сатты, қарызын қанағаттанарлықтай қайтарып алды. Қарыз алушы сотқа шағымданып, өз пәтерінің банкке сату туралы шарттың күшін жоюды талап етті. Сотта қарыз алушы пәтерді сатып алу - сату туралы келісімшартты пәтерге сатуға ниет білдірумен емес, жылжымайтын мүлікті кепілге беру арқылы несиені өтеуді рәсімдеу қажеттілігінен туындағанын айтты.

Дауды шешіңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлесдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексі // <http://adilet.zan.kz/>.

4. Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

5. Төлемдер және төлем жүйелері туралы Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

6. Постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 31 декабря 2015 года № 259 «Об утверждении Правил функционирования межбанковской системы переводов денег и внесении изменения в постановление Правления Национального Банка Республики Казахстан от 3 февраля 2014 года № 14 «Об утверждении Правил установления корреспондентских отношений между Национальным Банком Республики Казахстан и банками, а также организациями, осуществляющими отдельные виды банковских операций» (с изменениями по состоянию на 31.08.2016 г.) // <http://adilet.zan.kz/>.

7. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр.352-446).

8. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий. Изд. 2-е, испр. и доп., с использованием судебной практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы: Жеті Жарғы, 2003. (стр. 377-397).

8. Осипов Е.Б. Правовая природа банковских договоров. - Алматы: Издательство «АдилетПресс», 1997. (стр.70-77).

9. Осипов Е.Б., Омурчиева Э.М. Банковское право Республики Казахстан: курс лекций. – Алматы: НИЦ КОУ, 2008. (стр. 99-176).

10. Карагусов Ф.С. О правовой природе банковского счета // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. – Избранное / Под ред. А.Г. Диденко. - Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2008. (стр. 364-381).

11. Басин Ю.Г. О необходимости концептуальных изменений Гражданского Кодекса Республики Казахстан // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Избранное. Том II (Выпуски 11-20) / Под ред. А.Г. Диденко. – Алматы, 2008. (стр. 133-148).

12. Алимбаева Г. Исполнение договоров банковского займа // Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика. Үлгі: Договорные споры / Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко; отв. за выпуск М.А. Әкетай. – Алматы: Раритет, 2017. – Вып. 49. (стр. 4-22).

9-тақырып. Сақтау шарты. Сақтаудың жекелеген түрлері. Сақтандыру шарты.

1. Қарастырылатын сұрақтар:

1. Сақтау шарты.
2. Заттарды иесіздендіріп сақтау.
3. Сақтаудың жекелеген түрлері.
4. Ломбардта сақтау.
5. Құндылықтарды банкте сақтау.
6. Көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау.
7. Қонақүйде сақтау. Ұйымдардың киімлігіштерінде сақтау.
8. Даулы заттарды сақтау (секвестр).
9. Тауар қоймасында сақтау.
10. Сақтандыру шарты және оның түрлері

2. Ситуациялық есептер (кейс/шағын кейстер).

№1. Сақтандырушы - «Минутка» акционерлік қоғамы - азамат Седовпен оның өмірі мен денсаулығын сақтандыру туралы шарт жасасты. Шарт талаптарына сәйкес,

сақтандыру төлемі сақтандырудың ережелеріне енгізілген тізімде көрсетілген қайтыс болған немесе ауру болған жағдайда жасалуы тиіс. Келісімшарт жасасу алдындағы медициналық тексеру барысында болжамды сақтандырушыға бауырдың циррозы диагнозы қойылды. Дәрігерлердің айтуынша, бұл аурудың себебі - Седовтың ұзақ мерзімді ішімдік ішуіне байланысты. Денсаулығының жағдайы ауыр екеніне көзі жеткен Седов салауатты өмір салтын ұстануға шешім қабылдады. Сақтандырушы өз кезегінде Седовтың ішімдікті тоқтату туралы міндеттемесін қамтитын сақтандыру шартын жасасуға келісті. Бұл жағдайда бауырдың циррозы пайда болатыны төлемдер тізімінен алынып тасталды. Алайда, келісімшарт жасалғаннан кейін де, Седов алкогольді асыра пайдаланып, бір жылдан кейін бауыр циррозынан қайтыс болды. Седовтың туыстары келісімшарт бойынша төленетін төлемді сақтандырушыдан талап етті. Сақтандырушы бұдан бас тартты, өйткені өлімнің себебі Седовтың өзін дұрыс ұстамауына, яғни ішімдік ішіп өзін өлтіргеніне байланысты болды. Демек, заң тұрғысынан көзделген сақтандыру жағдайы болмады. Іс сотқа жіберілді.

Сот қандай шешім қабылдауы керек? Егер бауыр циррозы төлем төленетін жағдайда аурудың тізіміне қалдырылған болса, шешім өзгереді ме?

№2. Сақтандыру компаниясы салымшыларға өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын қайтармағаны үшін жауапкершілікті сақтандыру мақсатында банкпен шарт жасасты. Шарт контрагенттердің өздері тағайындалған бенефициарлардың пайдасына жасалды. Депозиторлармен жасалатын банктік салым шартының талаптарына сәйкес оған пайыздар төленуі тиіс, ал салымды өтеу мерзімі кешіктірілген жағдайда банк пайыздарды төлеуге міндетті. Депозиттер сомасының бір бөлігі елеулі кешіктірілумен қайтарылды, ал кейбір жарналар мүлдем қайтарылмады. Инвесторлар сақтандыру төлемін өтеген сақтандыру компаниясына шағымданған сомалар шегінде ғана, сондай-ақ сыйақы төлеуге және дефолтқа пайыздардан бас тартты, бұл өз кезегінде депозиттердің сомасын уақытында қайтармау үшін жауапты екендігіне сілтеме жасайды.

Сақтандыру компаниясының ұстанымы негізді ме? Депозиторлар депозиттерді уақытында қайтармау тәуекелін сақтандыра ала ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздері:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

4. Астық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы № 143-ІІ Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

5. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы № 423-ІІ Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

6. Бағалы қағаздар рыногы туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

7. Міндетті экологиялық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 93-ІІІ Заңы // <http://adilet.zan.kz/>.

8. Постановление Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций от 1 февраля 2010 г. № 4 «Об утверждении Инструкции о требованиях по наличию систем управления рисками и внутреннего контроля в страховых (перестраховочных) организациях» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 30.05.2016 г.) //

<http://adilet.zan.kz/>.

9. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр.446-535).

10. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий (постатейный). В 2-х кн. Кн. 2 / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2006. (стр. 3-197).

11. Скрыбин С.В. Общие положения о страховании в Республике Казахстан: некоторые теоретические и практические проблемы // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31204478.

12. Нестерова Е.В. Договор хранения: проблемы регулирования, квалификации и применения // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32583505#pos=1;-263.

10-тақырып. Тапсырма шарты. Басқа біреудің мүддесіне тапсырмасыз іс-әрекет жасау. Комиссия шарты. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты.

1. Қарастырылатын сұрақтар

1. Тапсырма шарты. Өкілдік туралы жалпы ережелер.
2. Комиссия шарты делдалдықтың (делдалдық қызмет) бір формасы ретінде. Комиссия шартының нысаны.
3. Басқа біреудің мүддесіне тапсырмасыз іс-әрекет жасау. Басқаның мүддесіне іс-әрекет жасау шарттары.
4. Қосалқы комиссия.
5. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты.

2. Ситуациялық есептер (кейс/шағын кейстер).

№1. Савельев Николаевпен шарт жасасып, Николаев үшін құрылыс материалдарын алып беруге міндеттенеді. Құрылыс материалдары сатылып алынғаннан кейін Николаев материалдар өте жоғары бағамен сатылып алынғандығына сілтеме жасап, тауарды қабылдау мен Савельевке бағасын өтеуден бас тартады. Өз кезегінде Савельев Николаевтан алған нотариуспен куаландырылған сенімхатында құрылыс материалдарын сатып алуы керек бағасы көрсетілмей, тек «құрылыс материалдарын ағымдағы баға бойынша сатып алуы тапсырылады» дегенді айтып, сатып алынған материалдар сомасын төлеуді талап етеді. Мұнымен қоса құрылыс материалдарын қабылдауды кешіктіргеннен кейін Савельев оны сақтауына байланысты қосымша шығындарын да төлеуді талап етеді. Николаев болса, Савельевке сенімхат бермес бұрын құрылыс материалдарын алуға шекті бағасын айтқандығын алға тартады.

Келісімге келе алмай, тараптар заңи кеңеске жүгінеді. Оларға қандай түсіндірме берген жөн?

№2. Иванов тапсырма шартын орындағаннан кейін, Васильевтен тұрғын үйді жалдау шартын жасауына байланысты жалдау ақысының 15%-ы көлемінде өтемақы төлеуін талап етеді. Васильев мұндай көлемдегі өтемақыны төлеуден бас тартады, себебі тапсырма шартын жасау кезінде нақты сома айтылмағандықтан, алайда Иванов жасаған жалдау шартының ережелеріне көңілі толғандықтан шарт бағасының 3%-ы көлеміндегі өтемақы төлеуге дайын екендігін айтады. Ивановтың ойынша ол өзі жасаған шарт бойынша өтемақы көлемін өзі айқындауға құқылы. Мұнымен қоса, тұрғын үйлерді жалға беру агенттіктері осындай жалдау шарттары үшін 15 пен 25% аралығында өтемақы сұрайды, ал Иванов болса минималды соманы сұрауда.

Дауды сотта қарау кезінде Иванов жасаған жалдау шартының пәтер иесі оның әйелі болып шығады, және Иванов пәтерді агенттік шарт бойынша басқарады. Бұл дауда кімнің талаптары орынды?

№3. Азамат Щукин «Эверест» фирмасына өзінің «Лотос» АҚ-ғы акцияларын сенімгерлікпен басқаруға береді. Үш ай өткеннен кейін Щукин фирманың оған тиесілі акцияларын өз бағасынан анағұрлым жоғары бағамен сатып жібергендігін біледі. Ол фирмадан акцияны сатудан түскен ақшасын қайтаруды талап етеді. Фирманың басшысы Щукиннің талабын орындаудан бас тартып, олардың арасындағы сенімгерлікпен басқару шарты 1 жыл мерзімге жасалғандығын айтады. Акцияны сатқаннан түскен ақшаға фирма өзге де бағалы қағаздар сатып алып, оны бұдан да көп табыс табу үшін бағалы қағаздар нарығында қолданатындығын айтады. Щукин болса бағалы қағаздармен жасалған операциялардан түскен қаражатты тек шарт мерзімі біткеннен кейін ғана алады.

Щукин сотқа фирмадан акцияны сатудан түскен қаражатты қайтаруын сұрап талап арыз жазады. Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?

3. Ұсынылатын қайнар көздері:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ // <http://adilet.zan.kz/>.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 // <http://adilet.zan.kz/>.

3. Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. - Алматы, 2002. (стр. 536-595).

4. Гражданское право. Общая часть. Курс лекций / Под ред. А.Г. Диденко – Алматы: Нур-пресс, 2006. (стр. 340-355).

5. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий (постатейный). В 2-х кн. Кн. 2 / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2006. (стр. 197-284).

6. Климкин С.И. Правовое регулирование обязательств из действий в чужом интересе без поручения // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31680724.

